

Тәрбиелеу – білім беру процессінің циклограммасы «Айсана» балабақшасы «Қарлығаш» ортаңғы топ 3+

1 апта: 30.01-03.02 2023 ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|---|--|---|--|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-8.20 | Балаларды қабылдау. Ата –анамен әңгімелесу, баланың дене қызуын өлшеп , тазалығын тексеру. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | Балаларды қабылдау. жағымды жағдай жасау. Дене қызуын өлшеу, тазалығын тексеру арнайы журналға тіркеу. Ата-аналармен жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу. | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу, дене қызуын өлшеу. Тәрбиешімен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу. Ата-аналармен жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу | Баланың дене қызуын өлшеп қабылдау. Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. Ата-аналармен жұмыс: Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола біліңіз | Таңертең балаларды қабылдап ата-анаға балабақшадан қалмауын, ауырған жағдайда ескіртуі туралы айту, дене қызуын өлшеп тазалығын тексеру. Ата-аналармен жұмыс: Баламен бірге еңбектен |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.20-8.30 | ДО: «Дала құстарын ата» Мақсаты: құстарды атай білуге үйрету. Жабайы құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру. | ДО: «Ағаштарды ата» Мақсаты: Ағаштар атау, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету. Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. | ДО: «Көңіл-күйін ата» Мақсаты: Көңіл-күйін атай, ажырата білуге үйрету. Қадағалауға , дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. | ДО: «Сиқырлы қыс» Мақсаты: Ойыншықтарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру | «Сөйлемей көрейікші» ойыны (үндемес) ДО: «Тәулік бөліктерін ата». Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңертеңгілік жаттығулар кешені 1 | | | | |
| Таңғы ас 8.45-9.00 | «Ас – адамның қуаты» М-ы: Астың денсаулыққа пайдалығын жеткізу. Көркем сөз: «Асың болса, досың көп» Ойын жаттығу: Нан – тамақтың атасы. Ынтымақ- көптің батасы, Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.10 | ДО: «Сиқырлы қыс» Мақсаты: Ойыншықтарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың түсін, | «Сөйлемей көрейікші» ойыны (үндемес) ДО: «Тәулік бөліктерін ата». Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, тәулік | ДО: «Отбасы мүшелерін ата». Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. | ДО: «Көңіл-күйін ата» Мақсаты: Көңіл-күйін атай, ажырата білуге үйрету. Қадағалауға , дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. | ДО: «Тазалықтың достарын ата» Мақсаты: тазалық бұйымдарын атау. |

| | | | | | |
|---|--|---|---|--|---|
| | пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру | бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. | | | |
| Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері 9.10-10.15 | <p>Шаттық шеңбері: Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері. Бақыт деген- Көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін Адал жүрек сендегі.</p> <p>Табиғатты қорғау үшін бәріміз, Күресейік, бір - бір ағаш егейік.</p> <p>Балаларды ұйымшылдылыққа тәрбиелеу. Балалардың көлік қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын дамыту. Балаларға көлік туралы түсінік беру. Көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып (жерде, суда, аспанда) атқаратын қызмет аясына қарай салыстыра білуге үйрету. Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат</p> | <p>Шаттық шеңбері: Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері. Бақыт деген- Көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін Адал жүрек сендегі.</p> <p>Табиғатым, тіршілігім, ырысым, Сенсіз менің тарылады тынысым.</p> <p>Табиғатқа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. Жұмбақтар шешу арқылы ой-өрістерін дамыту. Табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу. Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету.</p> | <p>Шаттық шеңбері: Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері. Бақыт деген- Көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін Адал жүрек сендегі.</p> <p>О, адамзат аялашы, қорғашы, Өзің туып, өзің өскен ортаны.</p> <p>Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. Жұмбақтар шешу арқылы ой-өрістерін дамыту. Табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу. Көлік құралдарын көп түрлілігі, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдыұтары жайлы түсінік беру. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін тиянақтау, жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістерді бақылап ажырата білуге, қысқы табиғат</p> | <p>Шаттық шеңбері: Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері. Бақыт деген- Көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін Адал жүрек сендегі.</p> <p>Табиғат пен адам егіз емес пе,</p> <p>Күннің табиғатқа әсерін бақылау (қыста күннің суық болуы мен жазда ыстық болуы) Бірізділікпен азаятын 3 немесе одан да көп бөліктерден қарапайым 2 қасиетін (түсі мен пішіні) кезектестіру принципі бойынша түрлі түсті пирמידалар құрастыруды үйрету. Балаларды қиын емес сюжетті бейнелеуге үйрету, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін</p> | <p>Шаттық шеңбері: Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері. Бақыт деген- Көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін Адал жүрек сендегі.</p> <p>Табиғаттың тазалығын сақтағын, Азаматтық борышыңды ақтағын.</p> <p>Табиғатты аялайық. Табиғат құндылығының маңыздылығын білуге үйрету. Табиғат-Ана, оның байлықтары туралы түсіндіре отырып, табиғатты аяулауға, қорғауға тәрбиелеу. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістерді бақылап ажырата білуге, қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін әңгімелеп айту арқылы</p> |

| | | | | |
|---|---|---|---|--|
| <p>кұбылыстары: күн, қар, жел, боран туралы түсінік беру. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, қысқы ойындарды атауға, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тындауын жетілдіру. Сөздік қорларын ойындар арқылы дамыту. Суреттерді, бейнелерді қарастыруда байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Билингвал ьді компонент: қыс-зима, қар-снег, аққала-снеговик, аяз-мороз. Үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыштарды пайдалана отырып, көз алдарына елестету арқылы поездді құрастыру. Қоғамдық көліктерде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. Қол шеберліктерін дамыту. Коллаж, жапсыру, бүктеу өнері жайлы түсініктерін бекіту. Балаларды жапсыру түрлерімен таныстыру. Түрлі-түсті қағаздардан</p> | <p>Балалардың ойлау қаблеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту. Әрбір аңның және баласының атын дұрыс атауға жаттықтыру, олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Көлік құралдарын көп түрлілігі, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру. Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, сары, көк, жасыл. Пішіндерді ажыратуға – ой қиялын дамыту. Жылдамдыққа шапшандыққа тәрбиелеу. «Ұзын-қысқа. Заттарды бір-бірінің үстіне қойып</p> | <p>көрінісін, қысқы ойын түрлерін әңгімелеп айту арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды қосу арқылы суретін салу. Дайын қиылған қағаздардан таза, ұқыпты жұмыс жасауды үйрету. Желіммен қағаз бетіне жапсыра білу дағдыларын дамыту. Ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіруді үйрету; аққала жасауда әртүрлі материалдарды қолдана білуге баулу; табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балалардың тілн дамыту және сөздік қорын молайту. Қарды және табиғи материалдарды қолдана отырып, аққала құрастыруды үйрету;</p> | <p>арттыру. Балаларды жапсыру іскерлік дағдыларына машықтандыру, жапсыруды меңгеру. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Пластилинография. Дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларына машықтандыру. Олардың қолданылуы туралы түсінік беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, саусақтарының икемділіктерін арттыру, ағаштар туралы білімдерін толықтыру, ағаштарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауды үйрету олардың түсін, көлемін, пішінін ажыра алуға дағдыландыру, тәрбиешінің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналыстыра отырып</p> | <p>байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды қосу арқылы суретін салу. Дайын қиылған қағаздардан таза, ұқыпты жұмыс жасауды үйрету. Желіммен қағаз бетіне жапсыра білу дағдыларын дамыту. Ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіруді үйрету; аққала жасауда әртүрлі материалдарды қолдана білуге баулу; табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балалардың тілн дамыту және сөздік қорын молайту. Қарды және табиғи материалдарды қолдана отырып, аққала</p> |
|---|---|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | <p>геометриялық пішіндерді (төртбұрыш, шаршы, дөңгелек) қиып, қағаз бетіне ұқыптап жапсырып, дұрыс орналастыруға үйрету. Түрлі-түсті бөлшектерден сандық пішінін құрастыруға үйрету. Көркемдік талғамын дамыта отырып, өзара жақсы қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Геометриялық пішіндерді ажыратуды дамыту. Салынған көліктердің пішіндерін мақталы таяқшалармен бояуға үйрету. Қайық бейнесін мүсіндей білуге үйрету, ұсақ қол қимылдарын, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту. автобус құрастыруға арналған құрылыс материалдарының аттарын атау, пішініне, көлеміне қарай құрылыс материалдарын дұрыс орналастыру арқылы автобус құрастыра білуге үйрету. Үлгі б/ша құрастыру ж/е оны өз</p> | <p>салыстыру. Фигуралар туралы өткенді пысықтау». Таңертең (таң) – тәулік бөлігімен таныстыру Таңертең тәулік бөлігімен таныстыру; осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) және санына қарай салыстыруды үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Эстетикалық талғамдарын, қиялын дамыту. Аңдардың іздерін қылқаламның, мақта таяқшаларының көмегімен дұрыс салуға үйрету. Дене шынықтыру «Нысанаға лақтыру». Жан-жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен жүру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы</p> | <p>Шығармашылық қиялын, көркемдік талғамын арттыруға тәрбиелеу; Балалардың құрастыру іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру.</p> | <p>шыршаны құрастыра білуге үйрету. Дене шынықтыру Балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау. Қимыл-қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру</p> | <p>құрастыруды үйрету; Шығармашылық қиялын, көркемдік талғамын арттыруға тәрбиелеу; Үлгі б/ша құрастыру ж/е оны өз қалауы б/ша өзгерту, қоғамдық көлікте тәртіп сақтау, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс: автобус Билингв. комп.: көлік-машина, жүргізуші-водитель, жол-дорога. Балалардың құрастыру іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру.</p> |
|--|--|---|--|---|---|

| | | | | | |
|---|--|--|------------------|------------------|------------------|
| | <p>қалауы б/ша өзгерту, қоғамдық көлікте тәртіп сақтау, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс: автобус Билингв. комп.: көлік-машина, жүргізуші-водитель, жол-дорога.</p> <p>Дене шынықтыру «Нысанаға лақтыру». Жан-жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен жүру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы көлденең нысанаға төменнен лақтыру.</p> | көлденең нысанаға төменнен лақтыру. Музыка мұғалім жоспары бойынша | | | |
| 2-таңғы ас | Балаларды жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына тәрбиелеу, топта, үйде, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Тамақты мұқият, кішкене бөліктерде алыңыз. | | | | |
| Серуенге дайындық 10.15-10.45 | Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан біртіндеп шығарып, киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу. | | | | |
| Серуен: 10.45-11.30 | Серуен №1 | Серуен №2 | Серуен №3 | Серуен №4 | Серуен №5 |
| Серуеннен оралу 11.30-11.50 | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас 11.50-12.15 | Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" | | | | |
| Ұйқы 12.15-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Ояту гимнастикасы 1 Жалпақ аяқтың алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Білімді бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру | | | | |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| 15.10-15.25 | | | | | |
| Бесін ас 15.25-15.40 | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Если будешь пить чуть светъ. Молоко с ватрушкой, Будешь ты и в двести лет. Бодрою старушой Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 15.40-16.00 | СРО: «Дүкен» Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету. Төмен ұтқырлық ойыны: «Шыбын-ұшпайды» Мақсаты: Балалардың мұқият тыңдау қабілетін дамыту, шеңбер бойымен құрастыру дағдыларын бекіту. Еңбек. Тәрбиешімен бірге демонстрациялық материал дайындау | СРО: «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Төмен ұтқырлық ойыны: «Фигураны жасаңыз». Мақсаты:тәрбиешінің сигналы бойынша әрекет етуге, бір-біріне соқтығыспай бүкіл алаңды айналып жүгіруге үйрету, қозғалыс координациясын дамыту | ДО: «Үлкен-кіші» Мақсаты: Үлкен- кіші ұғымдарды білуге үйрету, әрі қарай дамыту, ойлау , есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. СРО: «Біздің бойымызды қалай өлшеді?» Мақсаты:Дене мүшелері туралы білімдерін тиянақтау. Медбике бөлмесіне қалай барғаны туралы әңгімелету Еңбек: «Топта тазалық орнату». | ДО: «Далада қай жыл мезгілі?» Мақсаты:Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. СРО: «Қуыршақты серуенге киідіреміз». Мақсаты: Жыл мезгіліне сай киімдердің атын атауға жаттықтыру Ретімен киіндіруге үйрету Еңбек. Тәрбиешімен бірге демонстрациялық материал дайындау | ДО: « Сиқырлы қыс» Мақсаты:Ойыншықтарды қарау және зерттеу,ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру СРО: «Қуыршақты шомылдыру».Мақсаты: Балаларды дұрыс жуына білуге дағдыландыру, киімдердің атын дұрыс атай білуге баулу, шешінгенде киімдерін дұрыс қоюға балаларды сумен, сабынды пайдалана білуге үйрету. |
| Балалармен жеке жұмыс | Даниярмен жеке жұмыс, ДО: «Түлкіні құрастыр» Мақсаты: Түлкі туралы түсінік беру. Түлкінің дене бөліктері жайында түсіндіріп, оны құрастыруда дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету. Ұқыптылыққа,еңбексүйг | Алинамен жеке жұмыс. ДО: «Киімдерді ата» Мақсаты: Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. | Дидармен жеке жұмыс. ДО: «Гүлдерді ата» Мақсаты: Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу.. Сөздік қорын молайту. Гүлдердің түр – түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту. Тұған еліннің табиғат., | Алинамен жеке жұмыс. ДО: «Киімдерді ата» Мақсаты: Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. | Даниярмен жеке жұмыс, ДО: «Түлкіні құрастыр» Мақсаты: Түлкі туралы түсінік беру. Түлкінің дене бөліктері жайында түсіндіріп, оны құрастыруда дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету. |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | іштікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. | | гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | | Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. |
| Серуенге дайындық 16.00-16.10 | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | | | | |
| Серуен 16.10-16.35 | Серуен №1 | Серуен №2 | Серуен №3 | Серуен №4 | Серуен №5 |
| Серуеннен оралу 16.35-16.40 | Серуеннен оралу, серуендеуден кейін гигиеналық процедуралар, заттарды шкафқа қою. | | | | |
| Кешкі ас 16.40-17.00 | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p>ДО: «Гүлдерді құрастыр». Мақсаты: Гүл ерекшеліктері, мекен ету ортасы, гүлдің пайдасы туралы мағлұмат беру. Тұған еліннің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Төмен ұтқырлық ойыны. «Қоянның іздерін табайық». Мақсаты: бақылауды, көрнекі зейінді дамыту</p> | <p>ДО: «Қуыршақты киіндір» Мақсаты: Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін қиып жасауды, ретімен киіндіруді үйрету. Ұқыптылыққа, әсемпаздыққа тәрбиелеу</p> <p>Төмен ұтқырлық ойыны: «Карусель». Мақсаты: қол ұстасып шеңбер бойымен жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту, қозғалыс координациясы дамыту</p> | <p>ДО: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы білімін бекіту</p> <p>Төмен ұтқырлық ойыны. «Кім кетті?». Мақсаты: зейінді дамыту, бірге ойнауға үйрету.</p> <p>ДО: «Не мүмкін және не болмайды». Мақсаты: жолда, көлікте өзін-өзі ұстау ережелері туралы түсінік қалыптастыру.</p> | <p>ДО: «Гүлдерді құрастыр». Мақсаты: Гүл ерекшеліктері, мекен ету ортасы, гүлдің пайдасы туралы мағлұмат беру. Тұған еліннің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>ДО: «Айырмашылықтарды тап». Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту, заттар мен құбылыстарды талдай білу.</p> | <p>ДО: «Қуыршақты киіндір» Мақсаты: Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін қиып жасауды, ретімен киіндіруді үйрету. Ұқыптылыққа, әсемпаздыққа тәрбиелеу</p> <p>Төмен ұтқырлық ойыны: «Карусель». Мақсаты: қол ұстасып шеңбер бойымен жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту, қозғалыс координациясын дамыту</p> <p>ДО: «Көлікті белгіше бойынша атаңыз»</p> |
| Балалардың үйге қайтуы 17.00-18.30 | Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар | Балабақшада бетперде режимін сақтау туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналармен салауаттылық туралы әңгімелесу; баланың жетістігі. | Ата-аналармен жеке әңгімелесу «Көлік түрлері» альбомын қарау |

| | | | | | |
|--|--|-------------------------------|--|--|--|
| | | аудару керектігін ескерту. | | | |
|--|--|-------------------------------|--|--|--|